

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 861 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақ әуендері" акционерлік қоғамы 2006 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Бейбітшілік және келісім сарайының мерекелік концертін өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуші, "Заман-Ту" акционерлік қоғамы Бейбітшілік және келісім сарайының экспозициясын жасау және көркем безендіру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де, шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі